

**«Мәдени» жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Ұстазым менің, ұстазым

Мектеп кітапханашысы: Г.Ашенова

**Мәдени ауылы
2023-2024 оқу жылы**

Ұстазым менің ұстазым ...

- Сабақтың мақсаты:** А) Оқушыларға ұстаз – екінші ана екендігін түсіндіру.
Ә) Танымдық қабілетін арттыру. Мұғаліммен оқушы арасындағы байланысты нығайту.
Б) Айналасына білім-тәрбие ұрығын шашып, адамгершілік нұрын төгетін ұлы тұлға – ұстазға құрмет көрсету, мерекелерімен құттықтау, лебіз білдіру, адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: Әдеби-музыкалық бағдарлама.

Сабақтың әдіс-тәсілі: Өлеңдер оқу, би билеп, ән шырқау.

Көрнекілігі: Ұстаздар туралы жазылған нақыл сөздер, өлеңдер, гүлдер, шарлар, қабырға газеттері.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі.

ҚР Мемлекеттік әнұраны шырқалады.

Мұғалімнің құттықтау сөзі: Армысыздар, құрметті ұлағатты ұстаздар! Сіздерді дәстүрлі ұстаздар мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Баршаңыздың дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке, таусылмас ырыс және де еңбектеріңізге шығармашылық табыстар тілеймін.

Дәстүрлі мерекелеріңізге орай 9 а –сыныбының өздеріңізге арнап дайындаған «*Ұстазым менің, ұстазым*» атты ашық тәрбие сағатын тамашалаңыздар.

1-жүргізуші: Рыстанбек Нүртілеу.

Ұстаз ! Осы бір сөздің өзінде қаншама мән-мағына, қасиетті ұғым жатыр. Ұстаз алдынан өтпейтін ешкім жоқ. «Жақсы мұғалім- мектептің жүрегі» деген Ы.Алтынсарин атамыз. Жүрексіз өмір болмаса, мұғалімсіз білімнің, тәрбиенің іске аспайтыны белгілі. Небір данышпан адамдар, қарапайым еңбеккерлер, тіпті арман қуған жеткіншектер де бәрі бір адамға қарыздар. Ол – ұстаз ! Ұстазсыз өмірдің тұтқасын ұстау мүмкін емес. Адамды тәрбиелеп, оны азамат атандырудың өзі бір үлкен күш, сондықтанда ұстаздың еңбегі – ұлы еңбек.

2-жүргізуші: Анарбай Асылжан.

Ақырын жүріп анық бас,

Еңбегің кетпес далаға.

Ұстаздық еткен жалықпас,

Үйретуден балаға – демекші өмірінің ұзақ жылдарын ұстаздыққа арнаған ардагер ұстаздар Бекболат ағай, Баян апай, Айхан апай, Күлайхан апай, Фарида апай, Раушан апай, Жолымбек ағай, Әмірхан ағай, Талғат ағай және де барша Мәдени жалпы орта мектебінің ұстаздарына зор алғысымызды білдіреміз.

(Оқушылар барша ұстаздар қауымына гүл талдарын тапсырады.)

Оқушылар хорымен:
Құрметіне ұстаздың тік тұрайық,
Алаңдап басқаға біз бас бұрмайық.
Аяулы ұстаздардың мерекесі,
Барлығымыз қуанып қарсы алайық !

Рауан:

Мынау менің сезгенім?
Ол-сыныптың анасы.
Өзінің де өзгенің,
Баласы – оның баласы.
Қай кезде де мұғалім,
Қайғырмайды өзі үшін,
Біздер үшін қуанып,
Қызарады біз үшін.
Күнде бестік алсаң сен,
Онда басқа арман жоқ,
Ал оқымай барсаң сен,
Бір тал шашы ағарған.
Жақсы болсаң шынында,
Қартаймас деп айта алам.
Жаңа оқу жылында,
Жасарады қайтадан.

Назерке:

Армысыздар, мұғалімдер өз жандар,
Білім іздеп инемен құдық қазғандар.
Құшақ жая қарсы аламыз сіздерді,
Би биленіп, ән де бүгін шырқалар.
Ізгілікті өн бойына жинаған,
Шәкірттерге жан жылуын сыйлаған.
Қалап берген ірге тасын ғылымның,
Хош келіпсіздер – дүниеге сыйлы адамдар.

Әкежан:

Көрдім де соларды – қызықтым ісіне,
Сан сұрақ оралды ұстаз да, ісі де.
Ұстаз кім ? Ұстаз ба – ол ана !
Өмір де сені де, мені де қаққызбай ешкімге.
Ұстаз кім ? Мұғалім , ол – дана.
Жасқа да, қартқа да қамқоршы сол ғана.
Ұстаз кім ? Ұстаз ол – ер, диқан

Шыңдаған ерлікке, дарытқан мол білім, мол сана.

Бекжан:

Мұғалім. Бұл адамның ардақты аты,
Білімділік бар биікке шығар саты.
Ең алғаш басталады осы адамнан,
Сүйеді сондықтан да жақын, жаты.

Бибігүл:

Ұстаздар халқына шын қымбаттылар!
Гүл- көктем ерекше бір сымбат құмар,
Күн- көктем әсемдікті жырлап тұрар
Балауса балғындарға көрік берер
Ұстаздар –халқына шын қымбаттылар!
Білемін, ырғалған көп қайындайсың
Қанша ауырлыққа мойымайсың
Елбасы Жолдауында айтылғандай,
Өзіңсің болашақты дайындайтын
Жүрекке сезім сыйлар жылусыңдар,
Еліңді көркейтетін ұлы ісің бар
Наурызда , мерекенің қарсаңында
Бөрің де сөз жетпейтін сұлуыңдар!
Сіздерді бүкіл әлем таныр әлі,
Шәкірттер өмір бойы сағынады.
Біліммен сіздер берген көркейеді,
Ұлы отан, әрбір үйдің шаңырағы!

Хор. «Ұстазым»

1-жүргізуші: Рыстанбек Нүртілеу.

Құрметті ұстаздар, ағайлар мен иапайлар, біз сіздерден үлгі өнеге аламыз. Сіздерді мақтан етіп жырға қосамыз. Енді өздеріңіз туралы өзегімізден шыққан алғыс сөзісізді тыңдаңыздар.

2-жүргізуші: Анарбай Асылжан.

Ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да, тегеуріні темір балқытқан жұмысшы да, егін салған диқан да, мал бағып терін төккен шопаң да, көк күмбезінен ары өткен ғарышкер де бәрі-бәрі ұстаздан. Білім, тәлім алған. Сондықтан ұлағатты ұстаздар, сіздерге бүкіл адам баласы құрметпен бас иеді.

Аида:

Ұстаздар бүгін жүр күліп,
Асқар таудай тым биік.
Ұстаздардың алдында
Тұрады барша бас иіп.

Ұстазым өмір айнасы,
Таусылмас ақыл-қоймасы.
Гүлденген өмірді,
Ұстаздарым жайнашы
Білім беріп біздерге,
Өсіруден талмашы
Шуақ шашып жүзіңнен
Күлімдеші жайнашы

Бақдәулет

Сөз сөйлесе жарқын –ақ
Күніміздей жарқылдап.
Қызық өтіп сабағы,
Өсіреді ой сананы.
Біздермен ойнап күледі,
Сырымызды біледі,
Қасымызда қашанда,
Қамқор болып жүреді.
Кемшілікті кезінде ,
Кесіп айтар өзіңе.
Өнеге мол сөзінде,
Көңілінің хошын-ай.
Көп шәкіртің досындай,
Ақ ниеті кең пейіл.
Әлия, Фарида апайлар,
Мәлік ағай осындай!

Назерке

Тіршіліктің тылсымын ашу үшін жаралған
Ұстаз қымбат, ұстаз биік қадірлейтін бар адам
Ұстаз берген өнегемен өлшенеді дүние,
Ұстаз берген өнегемен қаланады бар арман
Әл-фараби, Абайлар да осы ұстаздан нәр алған,
Ұстаз қымбат, бұл өмірде ол ерекше жаралған.
Абыройы асқар биік, төбесіне күн тиген,
Өлеңменен кім бар екен ұстаз орнын таба алған.
Ұстаздардың шаршамайтын еңбегіне таң қалам
Ұлылықпен , даналықпен өмір заңын талдаған.
Талай ғасыр құпиясын ашып келген ғаламның,
Сол арқылы сүйемін мен қасиетін даламның
Сол ұстаздың мерекесі елім бүгін тойлайтын,

Жақсы тілек , адал ниет ұстазға әркез ойлайтын
Мен де қосам сол тілекке биіктерден асатын,
Бақытты боп жанұясы, ұстаз мәңгі жасасын.

Би. «Қара жорға»

Жақсылық

Үйретіп өмір ұстазын,
Үлгілі іске нұсқадың,
Ақкөңіл, іскер қашан да,
Ақылшым менің -ұстазым!
Ұстазым, анам ақылшым
Жаныма сондай жақынсың.
Алыстап кетсем егерде ,
Әніме қосар асылсың

Назгүл

«Ұстаз»деген ардақты атқа лайық
Күн нұрындай сәуле шашып тұрайық
Бірге тұрған баласындай бір үйдің,
Шәкіртерге адал еңбек қылайық.
Ұстаздардың ұстазы болып жүріңдер,
Шаршасаң да сергек болып күліңдер.
Өздерінді сыйласаңдар өздерің,
Шәкіртін де алдынан шығып күліңдер.
«Ұстаз» деген ерекше зор тұлғасың,
Кір шалмасын, ұзақ болып тұрмасын.
Риза болып әрбір сенің ісіңе,
Шәкіртерің сені айтын жырласын

Айсара

Талдырмай жүріп қанатын
Жүреке жол табатын.
Санаға қорғау салатын,
Ұстаз керек біздерге
Қиындыққа жасымай,
Жетістікке тасымай,
Ой таратар тосылмай,
Ұстаз керек біздерге.
Қиялын ұштап самғайтын ,
Ұрпақ жолын жалғайтын
Қиянатқа бармайтын,
Сұңқар керек біздерге

Ұстазым, ұлағатым, үлгі өнегем



Өткізілген іс-шараның хаттамасы

Өткізілген уақыты: Қазан

Өткізілген орны: Мәдени мектеп кітапханасында.

Қатысқандар: Оқушылар, Мұғалімдер, Мектеп
Жігіттері.

Іс шара атауы:	Ұлпаттар ұстаздарда мереке- лерімен құттықтау, Марта деген ұстаз оқушыларды көрсету. "Ұстазым, Ұлпатым, үлгі өнегем"
Жауаптылар	Мектеп оқушылары, кітапха- нашылар. Ахметова. Стамбулова.
Іс-шараның мақсаты:	Ұлпаттар мен ұлпаттарға көп маман- шыларын таныту және құттықтау.
Атқарылған іс-шара	Оқушылардың 3Н-күні, скеттері, суреттер, буклеттер. Әріне үлгі шоуы. Марапаттау.
Шешім:	Ұлпаттар мен ұлпаттарға көп мұна- сагерлік мамандықтан бүкілтеу өмірде іет көрсету.

Мектеп кітапханашысы: А.А.

Г. Ашенова

Ән. «Аяулы ұстазым». Жасұзақ Назгүл

Әбді- Самат

Құйылады жыр ағын.
Көптеген дара пырағым
Құтты болсын мерекең
Заңғар тұлға мұғалім.
Жайраңдап көктемім
Келеді көкте күн.
Құшағын тұр жайып
Аяулы мектебім.
Санама нұр құйған,
Ұстазым көп менің.

Ердәулет

Мейірбан ұстаздар
Санама нұрқұйған.
Ұстазым көп менің ,
Биікке өрлеген.

Мектеп вальсі .Вальс.

Әділет

Ұстаз болу – жүректің батырлығы,
Ұстаз болу - сезімнің ақындығы.
Ұстаз болу – мінездің күн шуағы,
Азбайтұғын адамның алтындығы.
Мұғалім деген – ерекше тұлға дара шың
Ұмытылмастай көңілде мәңгі қалатын.
Мұғалім деген- аяулы адам, асыл жан,
Шәкірт көңілінде күн болып жайнап жанатын.

1-жүргізуші: Рыстанбек Нұртілеу.

Әдетте оқушы бойына білім-білік дағдыларын дарытып, зердесіне ғылым негіздері тоқитын, алған білімдерін өмірде қолдана білуге үйрететін – ұстаз. Сондықтан ұлағатты ұстаздар, сіздерге бүкіл адам баласы құрметпен бас иеді.

Бәрі:

Ұстаздарға мың алғыс !

Мерекелеріңіз құтты болсын !

Осымен ұстаздарға арналған мерекелік кешімізді аяқтаймыз. Көңіл қойып тыңдағандарыңыз үшін көп рахмет !